

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛЫҚ ШАҚ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ҮШ ТІЛДЕГІ ЖАЗБАЛАРДЫ,
ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ ДИАЛОГ, ТЕЛЕ-БЕЙНЕ БҰРЫШТАРДАҒЫ
ЖАТТЫҒУЛАРДЫ, АУДИОЖАЗБАЛАРДЫ ТЫҢДАУ КАБИНЕТТЕРІН
АШУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

Әдістемелік құрал

**Астана
2013**

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
«Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығының базасында әзірленген*

Пікір жазғандар:

А.Ж.Салиева, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

А.И.Омарбекова, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

Г. Ысқақова, Астана қ. № 32 «Балдәурен» балабақшасының меңгерушісі

Мектепке дейінгі ұйымдарда үш тілдегі жазбаларды, телефон арқылы диалог, теле-видео бұрыштардағы жаттығуларды, аудиожазбаларды тыңдау кабинеттерін ашуға қойылатын талаптар:әдістемелік құрал. – Астана, 2013. – 23 б.

Бұл әдістемелік құрал мектепке дейінгі ұйымдарда үш тілдегі жазбаларды, телефон арқылы диалог, теле-бейне бұрыштардағы жаттығуларды, аудиожазбаларды тыңдау кабинеттерін ашу бойынша мектепке дейінгі ұйымдарды әдістемелік материалдармен қамтамасыз етуге бағытталған.

Әдістемелік құрал мектепке дейінгі ұйымдардың басшыларына, әдіскерлеріне, тәрбиешілері мен педагогтарына арналған.

«Мектепке дейінгі балалық шақ»
республикалық орталығы, 2013

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасы Президенті Н. Назарбаевтың «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» - «Қазақстан халқының рухани дамуы және үштұғырлы тіл дамыту саясаты» Қазақстан халқына жолдауында мемлекетіміздің Елбасы «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасын жүргізуді кезең-кезеңімен бастауды ұсынады. Үш тілді жаппай оқытуды енгізу тікелей – балабақшадан бастап ЖОО дейін – қазақстандық жас ұрпаққа ғылым мен техникадағы озық жетістіктермен және беталыстармен танысуға, жылдам қоғам меншігіне айналуға мүмкіндік береді.

Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі-мемлекеттік тіл, орыс тілі - ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі-жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі. Бірнеше тілді білу өзінің ойын айтуда және қарым-қатынаста адамды еркін етеді. Қазіргі жағдайда шетел тілдерін білу білімділіктің жоғары деңгейінің белгісі болып табылады. Бұның негізінде оқыту үдерісінің үздіксіз және бірізділік идеялары жатыр. Оқытудың үздіксіздік және бірізділік қағидалары жалпы және кәсіптік білім негізінде ҚР «Білім туралы» заңына салынған.

Біздің бүгінгі балалар – бұл еліміздің болашақ иелері. Сондықтан да бүгіннен бастап Қазақстан Республикасының кішкентай азаматтарын тәрбиелеуге қамқорлық қажет. Еліміздің Президенті тілдерді үйрету мәселесін былай белгіледі: «Егер біз қазақ, орыс және ағылшын тілдерін жетік меңгеретін болсақ, біз үшін бұл ұлы артықшылық болады». Бұрын шетел тілдерін үйрету тілдің құндылығын игерген, ана тіліндегі және басқа тілдегі әлеуметтік-мәдени қарым-қатынасқа дайын, қоршаған ауызша немесе ауызша емес құралдармен қатынасуға икемді, жеке тұлғаның көптілділігін тәрбиелеуге бағытталған.

«Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың» ЖМББС-на сәйкес баланың ана тілін еркін меңгеруі тілдік құзіреттіліктің алтыншы жылына қарай лексика-грамматикалық және фонетикалық даму деңгейі аясында өзінің жас ерекшелік топтары мен басқа тілдер негізінде жасалады. Бала тілді үйренуді барынша ерте бастаса, оған тілді меңгеру сондай жеңіл болады.

Күрделенген жағдай, балаларды шетел тілдеріне үйретуде іздеу мен шешудің жаңа әдістемелік жолдарын іздеуді көрсетеді. Бұл мәселелерді шешудің жолы үш тілдегі аудиожазбаларды, телефон бойынша диалогқа жағтығуларды, үш тілдегі жазбалармен теле-бейнебұрыштарды тыңдату кабинетін ашу болып табылады. Егер ондай мүмкіндік болмаса, шетел тілдерін үйрету үшін топтың ішінде тілдік орта құру болып табылады. Кабинет – бұл жайлы балалар үш тілде ешқандай қиындықсыз қарым-қатынас жасайтын, шет тілдер сабақтарына арналған кеңістік. Түрлі ұлттың балаларын екінші және үшінші тілдерге үйрету тілдік сана-сезімнің жаңа жүйесін қалыптастыратын, өзіне тән жағдайда ағатын күрделі және көп аспектілі үдеріс. Бұл шарттар балалардың көптілдігін дамыту үшін қолайлы болуы керек. Үш тілдегі жазбаларды, телефон арқылы диалог, теле-видео

бұрыштардағы жаттығуларды, аудиожазбаларды тыңдау кабинеті – бұл заттық-дамытушылық орта. Мұндай кабинетке бай дидактикалық материал, оқу-көрнекілік құралдар, оқытудың қазіргі техникалық құралдары, интерактивтік технологиялар яғни тілдерді үйрету үдерісін жетілдіруге мүмкіндік беретін міндетті заттық толықтырулар (кітаптар, тұрмыстық заттар, қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері шығармалары, плакаттар, картинкалар, ойыншықтар, жазбалар, фотосуреттер, көкөністер мен жемістердің муляждары және т.б.) жиналады.

Мақсаты: мектепке дейінгі ұйымдарды үш тілдегі жазбаларды, телефон арқылы диалог, теле-видео бұрыштардағы жаттығуларды, аудиожазбаларды тыңдау кабинетін ашу үшін оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету.

Міндеттері:

- мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтарына әртүрлі ұйымдастырылған оқу әрекеттерін дайындауға және өткізуге практикалық көмек көрсету;
- жүйеленген әдістемелік аудио және бейне құралдарды, құжаттар үлгілерін ұсыну;
- педагогтарға оқу-тәрбие барысында ОТҚ қолдануда технологиялық көмек көрсету .

Күтілетін нәтиже:

- мектепке дейінгі ұйымның оқу-тәрбие барысының тиімділігін арттыру;
- тәрбиеленушілердің өздігінен және шығармашылық әрекеттерін ұйымдастыру.

ҮШ ТІЛДЕГІ ЖАЗБАЛАРДЫ, ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ ДИАЛОГ, ТЕЛЕ-ВИДЕО БҰРЫШТАРДАҒЫ ЖАТТЫҒУЛАРДЫ, АУДИОЖАЗБАЛАРДЫ ТЫҢДАУ КАБИНЕТІ – МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ-ПЕДАГОГТАРДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІГІНІҢ ӨЗДІГІНЕН БІЛІМ АЛУ ЖӘНЕ ЖЕТІЛУ ОРТАЛЫҒЫ

Шет тілдер кабинеті – оқу үдерісінің ақпараттық-білімдік ортасының бірінші түйіні. Шет тілдер кабинеті кез келген оқу кабинеті сияқты қызметтік міндетіне сәйкес оқу құралдары жүйесімен, жиһазбен, құралдармен, оргтехника құралдарымен, кітап қорымен жабдықталуы керек. Шетел тілі кабинетінің негізгі міндеті – шығармашылық әрекеттер үшін, сыныптан тыс сабақтарға, педагогтың жетекшілігімен немесе өзбетінше, дербес немесе топтағы сабақтарда барлық қажетті жағдайларды жасау. Жағдайларды айта отырып, біз оқу үдерісінің ақпараттық және әдістемелік мәселелерін, қазіргі уақытта өзекті болып тұрған балаларға барынша көп әртүрлі ақпарат көздеріне мүмкіндігінің болуын айтып тұрмыз. Шетел тілі кабинеті алғашқы базалық ақпараттық-білімдік ортасы (оқу материалдық базамен, техникалық жабдықтармен сәйкестендірілген) ретінде бір жағынан, ал екінші жағынан мұғалімнің жеке басымен түйіндес, оның мәдени деңгейін, көзқарасын, қызығушылығын, дүниетанымын бейнелейтін ерекше жағдайды қалыптастыратын жабдықтармен безендіріліп, құрылады. Кабинеттің ішкі көрінісі сәбилерге әсер етпейтіндей, белгілі бір дәрежеде мұғалімге, затқа қатынасын қалыптастыратындай әсем безендірілуі керек. Кабинеттің орынды жоспарлануына сабақта мұғалім мен балалардың тиімді әрекеттерін ұйымдастыру үшін жететін және қажетті оқу құралдары қорының қойылуы және жүйелігі, сонымен бірге оқу кабинеті ұғымы кіреді. Мұндай кабинетте сабақ немесе сабақтан тыс уақытта барлық қажетті әрекеттер түрлерін орындауда мұғалімге және балаларға ыңғайлы, қолайлы болуы керек.

Қоғамдық-саяси жағдайдың өзгеуіне байланысты шетел тілдерін үйренуге қызығушылық күшейді. Мемлекеттің нарық экономикасына көшуімен шетелдік мемлекеттермен экономикалық қатынас ұлғайды және шетел тілдерін білетін мамандарға сұраныс өте артты, осыдан келіп мектеп жасына дейінгілерден бастап, шетел тілдерін оқыту қажеттігі шықты.

XX ғасырдың екінші жартысынан техникалық құралдарды оқыту: алдымен –электройнатқыштар, кинопректорлар, кейіннен – магнитофондар, компьютерлік техникалар және с.с. ендіріле бастады. Дыбысбейнелік құралдарды қолдану оқу үдерісін тұтастай ұйымдастыруға, және соның ішінде шетел тілдерімен оқытуға әсер етті.

Мектепке дейінгі ұйымдарда үш тілдегі жазбаларды, телефон арқылы диалог, теле-видео бұрыштардағы жаттығуларды, аудиожазбаларды тыңдау кабинеттерін ашуға, мұндай кабинетте үш тілдегі жазбалармен теле-видео бұрыштар құруда, компьютерлермен, интерактивті панельмен, лингафондармен, оқу бейнероликтермен жабдықтау қажеттігін ескеру керек. Бұлар түрлі жастағы балаларды көптілділікке оқытуда үш тілді меңгеру дағдыларын ойын формасында, оқу, логика, аудио (тыңдау арқылы тілді

қабылдау), арифметика және әрбір баланың шығармашылық қабілеттілігін дамытуға мүмкіндік береді.

Шетел тілі кабинеті

Шетел тілін ойдағыдай оқыту үшін мұғалімге кабинет қажет. Ол барлық қажетті сабақ беру үшін оқу құралдарымен талаптарға сәйкес кітаптармен, жиһазбен, лигафондық жабдықпен, дыбыс жазаушы және дыбысшығарушы аппаратурамен, компьютермен, ИКТ, мультимедиялық проектормен жабдықталуы керек. Шет тілі кабинеті оқытуды ұйымдастырудың және осы пән бойынша сыныптан тыс жұмыстың оқу орталығы болып табылады. Онда сабақтар өткізіледі, сыныптан тыс жұмыстар аясындағы түрлі іс-шаралар ұйымдастырылады. Шет тілі кабинетін немесе тілдік зертхананы безендіруде эстетикалық, гигиеналық, экономикалық талаптар, сонымен бірге тәрбиеленушілер мен мұғалімдердің еңбектерін ғылыми ұйымдастыру талаптары ескеріледі. Заманауи шет тілі кабинетін құру оңай емес. Мұғалім кабинеттік жүйе бойынша әдебиеттермен, озық тәжірибелі мұғалімдердің жұмыстарымен оқу кабинетін құру бойынша бастамалар тудыру үшін көп күш жұмсап, жете танысуы керек. Басқа мұғалімдердің тәжірибесі мен кеңестері өзінің оқу кабинеттерін ұйымдастыруда көмектеседі. Сынып тақтасы, сыныптың ажыратылмайтын бөлігі ретінде алдыңғы қабырғасында орналасуы керек. Ал қабырғаның ашық тұрған бөлігіне анықтамалық таблицаларды, ал тақтаның үстіне алфавитті орналастыруға болады. Бір жақ бүйірдегі қабырға тақырыптық және мерекелік стендтерді орналастыруға қызмет етеді. Қойылым алаңы бірнеше сабақтар өткізу үшін кең болуы керек. Мұнда құралдар, бөлек бағдарламалық тақырыптарды, тілін оқып жатқан елдің картасы және материалдары, сонымен бірге тәрбиеленушілерге жұмыстарды өзбетінше орындауға ұсынымдар орналастырылады. Артқы қабырғаға кітап қорын, тақырыптық дидактикалық үлестірмелі материалдарды сақтайтын секциялық шкафтар, түрлі дыбысбейнелік құралдар қойған дұрыс. Ақпараттарды тақтаның жанына ілу керек, бірақ ұзақ уақытқа емес балаларды жалықтырмас үшін үнемі ауыстырып отыру керек.

Тақырыптық безендіру де өте маңызды рөл атқарады. Оған Қазақстан туралы, оқытатын тілдің елі (рәміздер, карта. Мысалы «Оқытатын тілдің елі» стенді) туралы стендтер. Қысқа мерзімде барлық сабаққа қажеттіліктерді, тақырып бойынша сабақтар топтамасына көрнекі және дидактикалық материалдар енгізілген каталог құрастыру.

Сонымен бірге тәрбиеленушілердің отыратын орнына ерекше назар аудару керек. Ол мынадай болуы керек, педагогпен берілген тапсырмаларды сәйкес құралдарды қолданып, өзінің қазақ және шетел тілдерінде айтуына дайындық жасауға, монологтық және диалогтық сөзді рәсімдеуді орындауға ыңғайлы болуы керек. Сондай-ақ жұмыс орнының дұрыс безендірілуі балаға оқыланын әрекетті қарқындалтуға, тілмен белсенді жұмыста уақытты ұтуға көмектеседі.

Жұмыс орнын безендіруді жобалайтын төмендегі элементтер:

1. алфавиттің;

2. сөйлеу формуласының;

3. тұрақты сөз тіркестері мен мақал-мәтелдер тізімінің болуы.

Жұмыс орнының үнемі безендіру элементтері ватманнан немесе картоннан жасалып, мөлдір полиэтиленді пленкадан салынады. Кейде балалар өздері ата-аналарының көмегімен үлгілер, таблицалар ережелерімен және оларды мұғалімнің айтуымен қолданады. Егер кабинет лингафондық құралмен жабдықталған болса, бұл сабақтарда диалогпен қарым-қатынас ахуалын құруға көмектеседі.

Шетел тілі кабинетін ұйымдастыруға қойылатын негізгі ғылыми-педагогикалық талаптар:

1) кабинет оқу-әдістемелік кешенмен және басқа оқу құралдарымен жабдықталады.

2) аппараттар кешенімен, компьютермен, интерактивті панельмен, DVD-плеермен жабдықталады;

3) мұғалімге арналған оқу-әдістемелік құралдар кешенімен жабдықталады;

4) кіші кітапхананың, дыбысбейне жазбалар, тыңдауға арналған жазбаларымен компакт-дискілер болуы қажет;

5) картотекалармен жабдықталған;

6) кабинетте аспаптармен жұмыста техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық болуы қажет.

Кабинетті құруда төмендегілер құрамында болатын активтің мәні зор:

- мектепке дейінгі ұйымның меңгерушісі (директоры);

- пән мұғалімдері, тәрбиешілер;

- ата-аналар активі.

ҮШ ТІЛДЕГІ ЖАЗБАЛАРДЫ, ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ ДИАЛОГ, ТЕЛЕ-ВИДЕО БҰРЫШТАРДАҒЫ ЖАТТЫҒУЛАРДЫ, АУДИОЖАЗБАЛАРДЫ ТЫҢДАУ КАБИНЕТІН ЖАБДЫҚТАУ

Тілдерді оқыту үдерісінде оқу құралдары маңызды рөл атқарады. Оқу құралдары – тілді ойдағыдай оқытудың қажетті жағдайы. Олардың көмегімен оқыту, тәрбиелеу және жеке тұлғаны жан-жақты дамытуды ұйымдастыру жүзеге асырылады. Үш тілді оқытуға арналған тираждалған оқу құралдары мыналар жатады:

- экрандық құралдар;

- дыбыстық құралдар;

- экранды-дыбыстық құралдар.

Оқу құралдары оқытудың барлық кезеңдерінде (кіші, ортаңғы, ересек топтарда) қолданылады. Оқу құралдарын таңдауда назарда ұстайтындар: үш тілде оқытудың мақсаты және міндеттері; материалды меңгеру деңгейлері; оқу үдерісін ағызатын жағдайлар. Қазіргі уақытта тілдерді оқытуда заманауи

ақпараттық технологиялар: компьютерлер, Интернет арқылы байланысу мүмкіндіктері, интерактивті тақталар енгізіле бастады.

Үш тілді оқытуда түрлі көрнекі құралдарды: оқу үдерісіне әртүрлілік қосатын, оларды барынша қызықты ететін суреттер, картиналар, сызбалар, таблицалар, фотосуреттер қолдану зор рөл атқарады.

Тақтаның оң жағынан жыл мезгілдері, айлары, және аптаның күндері бейнеленген күнтізбелік стенд табылады. Мұндай күнтізбе балаларда қызығушылық оятып, айларды, күндерді, аптаны және т.б. есте сақтауға мүмкіндік береді. Осы стендіде сұрақтардың негізгі формалары және жауаптардың негіздері орналасқан. Сонымен, кезекші бұл қалыптарды мұғалімнің сұрағына жауап беру үшін қолданады. Сонымен бірге мақсатты түрде ой-өрісін кеңейтетін, Қазақстан мен Ұлыбритания туралы елді танытушы материалдар орналастырылады (астаналары, ірі өнеркәсіп орталықтары және т.б көрсетілген карталар Картаның жанына елдің елтаңбасы мен байрағын және ел туралы қысқаша ақпаратты орналастыруға болады. Сондай-ақ сол елдерге қатысты мерекелер мен салттар фотосуреттері мен ашық хаттарын қоюға болады. Елдің аса көрнекті қайраткерлері, суретшілері, ақындары, жазушылары туралы арнайы орын стенді жасау үшін бөліп берген дұрыс. Стенділерді үнемі ауыстырып отыру керек. Мұндай стенділер оқытудың түрлі деңгейлерінің көптеген тақырыптарын оқытуда мұғалім мен балаларға көмектеседі. Сонымен бірге көрнекі құралдарды қолдануда магнитті тақтаның да көмегі ас зор. Ол көрнекіліктерді қолдануда шапшаң қимылдауға әсер етеді.

Сонымен, мұғалім сабақты жоспарлай отырып, дидактикалық қызметтерінде ұқсастық бар, оқытатын балалардың жас ерекшеліктерін, кабинеттің жабдықталуын, заманауи техникалық құралдардың бар болуы ескере отырып, сол немесе басқа да оқу құралдарын таңдай алады. Мысалы, оқытудың бастапқы деңгейінде оқу материалын схемалау үшін картинкаларды қолдануға болады.

Кабинеттегі балалардың өз бетінше жұмысы және мұғалімнің басшылығымен жұмыс

Оқу үдерісінің бастапқы деңгейінде балаларды кабинет жұмысына қатыстыру керек. Әсіресе, кіші топтардың балаларын сабақтан тыс жұмысқа қызықтыру оңай болады. Балалардың ата-аналарымен бірлескен өздігінен жұмысқа қызығушылығын түрлі құралдармен қалыптастыруға және сүйемелдеуге болады.

Ақпараттық-қатынас технологияларын қолдану ерекше назарда болады. Сабақтан тыс уақытта өздігінен жұмыс жасауда, компьютерді және интерактивті тақтаны қолданғанда өзінің айтуын, дауыстап дыбысталған сөзді жақсы түсінуді жүзеге асырады. Компьютер Интернет желісін қолдануға мүмкіндік береді. Интернеттің көмегімен мұғалім балалармен бірге келесі қызмет түрлерін жүзеге асыра алады:

- біліміндегі олқылықты жою бойынша дербес жұмыстар;

- граматикалық, лексикалық дағдыларды қалыптастыру және жүзеге асыру.

Осы уақытта желіде қазақ және ағылшын тілдерін меңгеруде балалардың дербес өзбетінше бірлескен және ата-аналардың бақылауымен әрекетті сол немесе басқа білім, білік, дағдыларды жүзеге асырып ұйымдастыру мүмкіндіктері бар. Қазіргі уақытта балаларға шығарылған компакт-дискілер, электронды оқулықтар үлкен көмек көрсете алады.

Балалардың жобалау әрекеттері Интернетті қолданған жайылған жұмыс түрлері болып табылады. Бұл сабақтан тыс уақыттағы барынша тиімді әрекет.

Дегенмен, оның тиімділігі басқа шеттен мұғалімнің ата-аналармен бірлескен ұйымдастыруы және келісімділікке тәуелді болады. Үш шетел тілдерін оқытуда оқу үдерісі үшін жобалау қызметінің қызықтырғыштығы неде? Жауабы бірден белгілі. Тек қана Интернеттің көмегімен тілді иеленушілермен қарқынды қатынас негізінде, түрлі жанрдағы әдебиеттермен жұмыс, түпнұсқалық текстілерді тыңдау тілді иеленушілердің көмегімен шынайы тілдік ортаны және үш тілді үйретуде сұранысты қалыптастыратын міндетті қоюға болады. Бұл мәдениет диалогы негізінде әлеуметтік-мәдениетті құзиреттілікті қалыптастыруға барынша тиімді мүмкіндік.

Интернеттен балалардың ата-аналары және мұғалімдер кез-келген жобаның ақпаратын таба алады. Барлық әлем бойынша мұражайлар мен олардағы экспонаттарды, әртүрлі сұрақтар бойынша статистикалық мәліметтер, әлемнің түрлі түкпіріндегі күнделікті уақиғалар туралы ақпараттарды және сол уақиғаларға адамдардың реакциясын, әлемнің түрлі аймақтарындағы экологиялық жағдайлар, ұлттық мерекелер және т.б. табады. Әлемнің түрлі елдеріндегі құрбыларымен немесе мамандыққа қызығатын мамандармен IRS (Internet Relay Chat) қызметін қолдана отырып on-line режимінде әңгімелесуге болады. Сондықтан да тілді иемденушілермен бірлескен халықаралық жобалар көптілді оқыту мен тәрбиелеу үшін қызықтыратын болып табылады. Кез келген жағдайда жобалық әрекетте тілді иемденушілермен шетел тілі өзінің негізгі қызметінде болады – қатынас құралы, ойларын қалыптастыру және тұжырымдау құралы. Және де балаларға оқытылатын тілдің, басқа мәдениетті иемденушілермен қатынас болады. Демек, тілді меңгеру табиғи түрде әлеуметтік-мәдени аясында шығады. Балалар тек қана бірлесіп мәселені шешпейді, олар серіктес-елдердің ұлттық және мәдени ерекшеліктерімен танысады, бір бірі туралы қызықты заттарды біледі. Соның ішіндегі бағалысы және маңыздысы, олар бірін бірі түсінуді үйренеді және біз барлығымыз бір планетада тұрамыз, бізге бөлетін нәрсе жоқ, міне сол фактіні түсіну. Демек бір-бірін сыйлауды үйренуі керек. Бір компьютерде көбінесе бірнеше оқытылатындар жұмыс жасайды, және бірлесіп жұмыс жасайды. Ең бастысы, кейбір қажетті ақпаратты іздеу жолдарын және мәселенің өзін бірлесіп талқылайды. Бұл талқылауды шетел тілінде өтеді деп күту – аңғалдықтың биіктігі, әрине ана тілінде өтеді. Бірақ ақпараттың өзі, оларға сол немесе басқа қажетті жобаның мақсаттары шетел тілінде болуы

керек немесе қазақ және ағылшын тілдеріндегі тапсырмаларда қолдануға болады.

Балалардың өздігінен жұмысқа қызығушылығын арттырудағы маңызды құрал тапсырмалардың проблемалық сипаты болып табылады.

Біз үш тілді оқытудың ойдағыдай маңызды шарты дұрыс безендірілген кабинет болып табылады деген қорытындыға келдік. Ал мұғалім өз кезегінде кабинетте техникалық құралдарды, көрнекі құралдарды және қосымша материалдарды қолданып, жұмысты дұрыс ұйымдастыруы керек. Техникалық жабдықталған кабинет жағдайында оқытудың уәжін күшейтетін, үш тілдегі аудиожазбаларды тыңдауда берік дағды мен білікті қалыптастыру, телефон бойынша диалогқа жаттығулар орындау және үш тілдегі жазбалармен телебейне бұрыштармен жұмыстарға мүмкіндіктер ашылады.

Үш тілде оқытатын кабинеттің ішкі тәртіп ережесі

1. Балаларды сабақ басталардан бірнеше минут бұрын тәрбиеші алып келуі керек.

2. Кабинетке педагогтың немесе тәрбиешінің рұқсатымен ұйымшылдықпен кіру керек.

3. Кезекшілер алдын-ала кіріп, кабинетті сабаққа дайындауы керек.

4. Балалар бекітілген орындарда отыруы керек.

5. Балалар жұмыс орнында тазалық пен тәртіп сақтаулары керек.

6. Балалар техника қауіпсіздігі ережесін және санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтаулары керек.

7. Кабинеттің жабдықтары мен материалды құндылықтарына ұқыппен қарау.

8. Әрбір сабақтан соң кабинетті желдету керек.

9. Сабақтан соң оқитындар жұмыс орнын тазалауы керек.

Электр қауіпсіздігі ережесі

- электр өткізгіштің, арматураның ақауларына, техникалық құралдардың, компьютердің дұрыс жұмыс істеуін қадағалау керек. Егер ақаулар болса, педагог пен тәрбиешіге баяндауы керек;

- техникалық құралдарды, компьютерді желіге қосып, қараусыз қалдыруға болмайды;

- тоқтың қозғалысын байқаған уақытта, жылдам техникалық құралдарды немесе компьютерді желіден ажыратып, бұл туралы мұғалімге баяндау керек;

Кабинеттің санитарлық-гигиеналық талаптары

Кабинетті табиғи және жасанды жарықтандыру СанЕжН сәйкес қамтамасыз етілуі керек. Оқу бөлмесінің терезелері көкжиектің оң, шығыс немесе оңтүстік-шығыс жағына бағдарлануы керек. Бөлмені сол жақ бүйірден жарықтандыру керек. Екі жақты жарықтандыруда кабинеттің тереңдігі 6 м болғанда еденнен биіктігі 2,2 м кем емес оң жақтан қондырғы міндетті. Жарық ойықтарын (ішкі және сыртқы жағынан) жабдықтармен немесе басқа заттармен қараңғылауға болмайды. Кабинеттің жарық түсіруші ойықтары реттелетін күннен қорғайтын жалюз сияқты құрылғымен, ашық түсті қабырғаның және жиһаздың түсімен сәйкес келетін тоқылған

перделермен жабдықталуы керек. Жасанды жарықтандыру үшін ЛС002Х40, ЛП028х40, ЛП002-2х40, ЛП034-4х36, ЦСП-5-2х40 түріндегі люминесцентті шамдалдарды қолдану керек. Шамдалдар терезеге паралельді қатармен кабинеттің төріне орналасуы керек. Шамдалдардың бөлек қосылуын қарастыру қажет. Тақта оған паралельді орналасқан екі ЛПО-30-40-122(125) ("қисықжарық") түріндегі айна шамдалдармен жарықтануы керек. Шамдалдар тақтаның үстіңгі шетінен 0,3 м және тақтаның алды сыныпқа қарай 0,6 м ара қашықтықта орналасуы керек. Жарықтандырудың кіші деңгейі жасанды жарықтандыруда мұғалім мен балалар үшін 300 лк тақтада - 500 лк болуы керек. Бөлменің бояуы бағдарлануына қарай жылы немесе қатты түстермен әлсіз қанықтықпен орындауы керек. Оң жаққа қарайтын бөлмелер қатты түстермен (көк, сұр, жасыл түстердің үйлесімдік гаммасы), ал солтүстікке қарайтындар жылы түстермен (сары, қызғылт түстердің үйлесімдік гаммасы) боялады. Ақ, қара қарама-қарсы (қоңыр, ашық-көк, ақшыл-көк, қара, қызыл, қызыл күрең) түстермен бояу ұсынылмайды. Едендер тесігі жоқ және жылытылған негізде тақтайм, ламинат, паркет немесе линолиумнан болуы керек. Кабинеттің қабырғалары тегіс ылғал әдіспен тазалауға болатын болуы керек. Терезе жақтаулары және есіктер ақ түсті болуы керек. Қабырғаның жарық түсу коэффициенті 0,5-0,6, төбесі 0,7-0,8 шамасында болуы керек. Кабинеттің ауа температура 17-20 С шамасында, салыстырмалы ылғалдылық 40-60% болуы қажет. Кабинет бөлмесінің вентиляциясы үшін терезелердің жалпы көлемі еден көлемінің 2% құрайтын желкөзі болуы керек.

Шетел тілі кабинетіне қойылатын талаптар

Мектепке дейінгі ұйымдарда кабинеттердің түрлі типтері: тілдік зертхана, лингафондық құрылғымен жабдықталған аудио белсенді түрдегі, кіші топтармен жұмысқа арналған бөлмелер қарастырылады. ҚР ЖМББС талаптарына сәйкес үш тілді оқыту кабинетіне 42 шаршы метр (12 адамға бір балаға 3,5 шаршы метрден есептегенде) бөлінеді. Жұптасып немесе топпен жұмыс жасайтын балалардың сұранысын ескеріп, өзінің жұбының бетін көріп, сөйлейтін адамның бет қимылын бақылау үшін, кабинеттің жоспары балалардың бірорындық немесе екіорындық жұмыс үстелдерін бір немесе екі жарты шеңбер етіп, ортасында мұғалім үстелін қоюды қарастыруы керек. Үстелдер қатары мен жарты шеңберлер ара қашықтығы 0,6 м кем емес. Мұғалімнің үстелі мен тақтаның ара қашықтығы 1 м кем болмауы керек. Үстелдер қатары мен ұзына бойы қабырғаның ара қашықтығы 0,5-0,7 м, бірінші үстелдер мен алдыңғы қабырғаның ара қашықтығы 2,6-2,7 м. Кабинетте артқы қабырғаның артында артқы бұрыштарда оқу құрылғыларын сақтау үшін құрастырылған секциялы шкафтар қойылады. Кабинеттің алдыңғы қабырғасына тақта мен аспалы экран орналастырылады. Бүйірдегі қабырғаны (терезелерге қарама-қарсы) тұрақты және мерзімді экспозициялар үшін қолданады.

Кабинеттің жиһаздар жиынтығына қойылатын талаптар

Кабинетте қолданатын жиһаздардың ҚРМС талаптарына сәйкес, техникалық құжаттардың және гигиеналық сертификаттың сәйкестік сертификатының болуы.

Кабинет төмендегідей жиһаздармен жабдықталуы керек:

- педагогтың жұмыс орнын ұйымдастыру үшін;
- балалардың жұмыс орнын ұйымдастыру үшін;
- оқу жабдықтарын сақтау және тиімді орналастыру үшін;
- аспаптарды қолдануды ұйымдастыру үшін.

Педагогтың жұмыс орнын ұйымдастыру үшін жиһазға мұғалімнің үстелі кіреді. Тақта бөлменің алдыңғы қабырғасының ортасына орналасуы керек. Тақта таблицаларды ілу және көрсету үшін бейімделіп жабдықталуы қажет. Тақта ҚРМС талаптарына сәйкес, ашылмалы-жабылмалы, қозғалмалы болады. Әрбір балаға жайлы жұмыс орнын қамтамасыз ету үшін кабинеттегі үстелдер мен орындықтар ҚРМС талаптарына сәйкес жабдықталуы керек.

Педагог пен тәрбиеленушілердің жұмыс орнын ұйымдастыруға қойылатын талаптар

Тілдік зертханадағы педагогтың жұмыс үстелі жазу қағазы бұйымдарын сақтайтын бөлімдерден тұратын, екі магнитофоны және күйтабақ ойнатқышы бар лингафондық құрылғының басқару құрылғысы құрылған, жобалық аппараттың дистанциялық басқару шығыры орнатылған, жарықтандырылған, телефонды-микрофонды аппаратымен болуы керек. Педагогтың жазу үстелі өлшемі 1400x740 мм болатын, кішкене тумбочкасы бар үстел. Балалардың жұмыс орнын орынды ұйымдастыруда төмендегі жағдайлар сақталуы керек:

- жазу, сурет салу үшін, телефонды-микрофонды аппаратына жеткілікті үстел бетінің болуы ;

- баланың ыңғайлы дене күйін сақтау үшін үстел мен орындықтың антропометриялық мәліметтерге сәйкес болуы;

- үстелдің жұмыс бетінің қажетті жарық деңгейі (300 лк).

Кабинеттің жабдықтары және жоспарлануы

Жұмыс орнын дұрыс, орынды, эргономикалық, гигиеналық, антропометрикалық талаптармен жабдықтау еңбектің өнімділігін арттырады. Балалардың жас ерекшелігін ескермей алынған жиһаздар, сабақтарда балалардың шаршауын арттырып қана қоймайды, сонымен бірге тәрбиеленушілердің денсаулығына тікелей әсер етеді.

Кабинеттер санының есебі

Шетел кабинеттерінің саны түрлі мектепке дейінгі ұйымдарда әртүрлі. Барлығы мектепке дейінгі ұйымдардың топтасуына, тәрбиеленушілердің және топтардың саны, топтарды топшаларға бөлуге тәуелді болады. Сабақтардағы белсенді қызмет түрлерін ұйымдастыруға бағытталған, заманауи педагогика-эргономикалық талаптар, өлшемі бір балаға шаққанда 3,5 ш.м кем емес, ал медиатека бойынша 6 ш.м қарастырады. Бұл үш тілді оқыту кабинеті бір тобында 12-15 адам болса, мысалы бөлменің өлшемі 40 - 50 ш.м құрайды деген сөз. Мектепке дейінгі ұйымдардың кабинеті санын есептеу де аса маңызды сұрақ болып табылады. Есептеу мынадай формула бойынша

жүргізіледі: аптадағы жалпы сағат санын , топтар мен топшалар санына көбейту керек. Кабинеттер саны көптеген жағдайлар қатарына балабақшадағы балалар санына байланысты болады, сондықтан үш тілдегі аудиожазбаларды, телефон бойынша диалогқа жаттығуларды, үш тілдегі жазбалармен телебейнебұрыштарды тыңдату кабинетін жабдықтауға ортақ ұсыным беру жағдайды күрделі етеді. Сондықтан мектепке дейінгі ұйымның басшысы өздеріне барынша жарамды нұсқаны таңдай алады. Бірақ жалпы ұсыным практикалық жұмыста әлбетте пайдалы болады.

Сынып тақтасы

Көптілділікке оқыту сабақтары үшін тақтаның оқу үдерісіндегі болатын өзгешеліктері, қызметтік ерекшеліктері және оларды кешенді қолдануда түрлі оқу құралдарының рөлі беретін белгілі қасиеттері болуы керек. Тақта, күнделікті өзінің қызметтерінен басқа түрлі көрнекі құралдарды көрсетуде қызмет етеді. Ол барлық алдыңғы қабырғаны алып тұрады. Сондықтан да тақтада картиналарды, таблицаларды көрсету үшін тетіктер болуы керек. Осы мақсатта тақтаның үстіне бекітілген, қажет емес кезде тақтаның артына жасырып қоюға болатын дөңгелекті ұстағыштар қолданылады. Таблицаарды, картиналарды осындай ұстағыштардың көмегімен бекіту ыңғайлы және уақытты ұтуға жәрдемдеседі.

Кабинеттегі баланың жұмыс орнын жабдықтау

Шетел тілдерін оқыту кабинетіндегі баланың жұмыс орнын жабдықтау ерекше назар аударуды қажет етеді. Ол балаға педагогтың тапсырмасын сәйкес құралдарды қолданып, қазақ және шетел тілінде үйлесімді өзін тыңдауға дайындауға, монолог және диалог сөзді безендіруге, аудиожазбаларды тыңдауды үйренуге және диалогпен сөйлеуге орындауға ыңғайлы болуы керек. Жұмыс орны нақты тапсырманы қамтамасыз ететін тұрақты безендірілген болуы керек.

ҮШ ТІЛДЕГІ ЖАЗБАЛАРДЫ, ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ ДИАЛОГ, ТЕЛЕ-ВИДЕО БҰРЫШТАРДАҒЫ ЖАТТЫҒУЛАРДЫ, АУДИОЖАЗБАЛАРДЫ ТЫҢДАУ КАБИНЕТІНЕ ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР

Оқу-көрнекі құралдарды жүйелеу және сақтау

Шетел тілі кабинеті оқытуды ұйымдастырудың және балалардың осы пән бойынша сыныптан тыс жұмыстарының оқу орталығы болып табылады. Кабинетте (тілдік зертханада) баспа, экрандық және дыбыстық оқу-көрнекілік құралдар сақталады. Дыбыстық құралдарға компакт-дискілер және магнитті лентадағы жазбалар, паузалық жаттығулар, тыңдауға арналған мәтіндер, өлеңдер, қазақ халқының және оқытылатын елдің әндері мен әңгімелері, радиохабарлар жазбалары, сонымен бірге фоножазбалар мен диафильмдер жатады. Экрандық құралдар диапозитив және диафильмдер топтамаларымен, оқу бейнефильмдерімен, киноүзінділермен, кодоскопқа арналған транспараттармен, үш тілдегі жазбаларымен дискілермен, бейнероликтермен ұсынылуы қажет. Шетел тілдері оқулықтары оқу-әдістемелік құралдарымен (мұғалімге арналған кітап, грамофон күйтабағымен, диафильмдер, жапсыру

материалдары, таблицалар, картинкалар, киноүзінділер) жиынтықта шығады. Мұғалімге арналған кітапта барлық осы құралдардың міндеті, әрбір белгілі сабақтардағы қолдану әдістері реттілігі және байланысы, олардың оқу үдерісіндегі орны анықталған. Педагог оқу әдістемелік кешенге қосымшада кабинет жағдайындағы жұмысқа арналған түрлі тарататын материалдар түрлерін, соның ішінде диалогтар, монологтар, тыңдау және жұмыстың басқа түрлері үшін: жеке бейнелеу тақырыптарына таңдалған картинкалар немесе суреттер, жағдайларын бейнелеумен жұппен, дербес және өзбетінше жұмыстар үшін карточкалар, жаңа лексика және грамматиканы жаттықтыруға арналған сөздік үлгілермен таблицалар, балалардың жеке білімдерін ескеріп, таңдалған, оқуға арналған мәтіндермен карточкалар, баспасөз материалдары қиындыларынан папкалар және т.б. дайындайды. Кабинеттің ажырамас бөлігі кітап қоры болып табылады. Ол мұғалімге арналған ғылыми-әдістемелік әдебиеттерден және балаларға және ата-аналарға арналған әдебиеттерден тұрады. Бұлар қазақ және шетел тілдерін оқыту әдістемесі бойынша журналдар мен кітаптар, психология, педагогика, тіл білімі жалпы сұрақтары бойынша әдебиеттер, шетел тілдері бағдарламасын, түрлі оқу құралдарын қолдануға басшылық бойынша, сонымен бірге сөздіктер, баспасөз материалдары Қазақстан және тілі оқылатын елдің түрлі анықтамалық және ақпараттық материалдары. Ата-аналарға және балаларға арналған әдебиеттерге оқулықтар, сөздіктер, тілі оқылатын елдің жазушылары шығармаларының аудармалары жатады. Кітапхана жұмысын тәрбиеші немесе мұғалімнің өзі жүргізеді.

Барлық жабдықтар тәрбиеші мен мұғалім кез келген уақытта жылдам тауып, сабақтарға немесе сабақтан тыс уақытта қолдануға дайындап қоятындай сақталуы керек. Оқу құралдары мен жабдықтары бағдарламаның бөлімдері және топтар бойынша орналастырылады және сақталады. Демонстрациялық құралдар және тарататын материалдар бөлек сақталады. Құралдарды сақтау үшін кабинет арнаулы жабдықтармен, жиһазбен жабдықталады. Бұл заттардың барлығы секциялық шкафтарда сақталады. Шкафтардың екеуі артқы қабырғаға, ал біреуі алдыңғы қабырғаға мұғалім үстелінің жанына қойылады. Үш тілдегі аудиожазбаларымен дискілер, ата-аналарға арналған әдебиеттер артқы қабырғадағы шкафқа қойылады. Үстел жанындағы шкафқа мұғалімге арналған анықтамалық және әдістемелік әдебиеттер қойылады. Үш тілдегі аудиожазбаларды, телефон бойынша диалогқа жаттығуларды, үш тілдегі жазбалармен теле-бейнебұрыштарды тыңдату кабинетін ұйымдастыруда экспозиция аса маңызды рөл атқарады. Кабинет – бұл көрме де, мұражай да емес. Сондықтан мұнда шамадан тыс көркейте түсуге орындар жоқ. Оқытудың дыбыс-бейне құралдарын сақтау үшін арнайы құрылғылар болуы керек. Магнитофон кассеталары, компакт-дискілер, бейнекассеталар шкафтың сөрелерінде қораптарда тігінен сақталады.

ҮШ ТІЛДЕГІ ЖАЗБАЛАРДЫ, ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ ДИАЛОГ, ТЕЛЕ-ВИДЕО БҰРЫШТАРДАҒЫ ЖАТТЫҒУЛАРДЫ, АУДИОЖАЗБАЛАРДЫ ТЫҢДАУ КАБИНЕТІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ЖАЛПЫ ТАЛАПТАР

Оқытудың техникалық құралдарын қолдану

Қазіргі мектепке дейінгі ұйымдарда үш тілді оқыту барысында жарық және дыбыс техникалық құралдары қолданылады. Оқыту барысында нағыз әртүрлі қызметтерді орындай алатын көру ақпараттарын қамтамасыз ететін жарық техникалық құралдар (кинопроекциялық аппараттар, диапроекторлар, кадрпроекторлар, кодоскоптар, фильмоскоптар, интерактивті панельдер, теле-бейнеаппараттар, DVD-плеерлер):

- бейнежазбаларды тыңдағанда түсінуге тірек бола алады;
- сөздің мағналық және дыбыстық жақтарын байланыстырып тұратын буын және есте сақтауды жеңілдетеді;
- түрлі оқиғаларға диалог бойынша жаттығуларды экранда көрсетеді;
- кері байланыстың кілті нысанында рөлді орындайды.

Дыбыс техникалық құралдар (магнитофондар, электрофондар, DVD-плеерлер, лингафондық кабинеттің аудиопассивті және аудиоактивті құрылғылары) дыбыстардың айтылуын үйреткенде дыбыстық көрнекіліктің барлық түрлерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді, табиғи тілдік нысандағы тыңдау және айту, диалогқа жаттығуларды үйретуде оқыту үдерісін үдетуге мүмкіндік береді:

- оқытудың барлық кезеңдерінде табиғи шеттілдік ортаның жоқтығын толтырады;
- көрнекіліктің маңызды дидактикалық қағидасын толық таратады;
- әрбір баланың дара типологиялық ерекшелігін ескеріп, оқуды жүзеге асырады;
- бағдарламау және бақылау үшін жақсы жағдайлар жасайды;
- аудиожазбаларды тыңдау және диалогқа жаттығулар жасау дағдыларын қалыптастырады және жылдам қалыптасуды қамтамасыз етеді;
- балалардың талдау және еліктеу қабілеттігін аз қолданады және олардың ішкі ресурстарын жұмылдырады;
- үш тілді жазбаларда балалардың тілдерінің сапалы көрсеткішінің көбін немесе кемін дәл анықтайды;
- барлық балалармен айтуды қосып, көптеген белсенді жаттығулар түрлерін орындайды.

Тілдерді оқытуда теледидарды қолдану

Теледидарды белсенді және орынды қолдану айтарлықтай шамада оқу үдерісіне және мазмұнға басшылықты оңтайландыруға мүмкіндік береді. Ауызша басқа тілде сөйлеуде сөйлеу әрекетінің белсенділігі, басқа тілді қатынасты ынталандыру жағдайларын жасау және ұсынылған жағдайларда шетел тілі негізгі қатынас құралы ретінде меңгеруді жүзеге асыруды бақылау үшін теледидарды қолдану мүмкін және мақсатты ұсынылады. Оқу жұмысында төмендегідей әдістемелік тәсілдер қолданылады:

- тұтас қатынас сюжетін, бөлек қақпа сөздерді монологтік айту, диалог түрінде шет тілдік сөздік үлгіні көрсету;
- шет тілдік сөздік үлгіні меңгеруді басқарудың аудиовизуальді бағдарламасы;
- «үйренуші-диктор» жүйесіндегі ауызша-сөздік қарым-қатынас;
- сөздік айтудың және бөлек үлгілердің мазмұнын аудиовизуальді көрсету;
- оқушылардың шет тілде айтуын ынталандыру үшін тақырыптық және басқа көрнекіліктерді жасау;
- міндетті қою және күрделі жағдайларды жасау;
- ұсынылған жағдайларды бейнелеу;
- диктордың шет тілді сөзіне кедергі (дыбысты ажырату, шуды кірістіру) жасау;
- тәрбиеленушілердің бейнелі-стилистикалық шет тілдік ойлауын дамыту мақсатында еркін және тұрақты сөздік айтуын суретті оқыту;
- шетел тілінің функциональдық грамматикасын меңгеруге жаттығулар ;
- профессиональды – іскерлік және әлеуметтік-тұрмыстық ойындар;
- оқушыларды шет тілдік сөздік этикетпен және оқылатын тілді иемденушілердің тілдік паралингвистикалық ерекшеліктерімен таныстыруға жаттығулар;
- қатынас және әрекет құралы ретінде шетел тілін білу және меңгеру деңгейін анықтауға арналған тесттер.

Көптілді сабақтарда бейнефильмдерді қолдану

Шетел тілінің теориялық және экспериментальді шешілетін әдістемесінің мәселелерінің ортасында, қатынас күзіреттілігі және оларға жету әдістері барынша өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Балаларды тіл иеленуші - халықтың мәдени құндылықтарына қатыстыру аса маңызды міндет болып табылады. Осы мақсатта түпнұсқалық материалдарды (суреттер, мәтіндер, дыбысжазбалар және т. б.) қолданудың мәні зор. Қазақстандықтар мен ағылшын тілді елдердің өмірімен танысу көбінесе мәтін және оған иллюстрация жасау арқылы болады. Қазақтар мен ағылшын тілінде сөйлейтін елдердің өмірі, дәстүрі туралы көрнекілік түсініктерді беру маңызды. Осы мақсатта оқу бейнефильмдерін қолдану, қатынас әдістемесінің маңызды талаптарын таратуды жүзеге асыруға қызмет етеді. Сонымен бірге сабақтарда бейнежазбаларды қолдану оқытуды даралауға және оқушылардың тілдік әрекетін дәлелдеуді дамытады. Қазақ және шетел тілдері біріктірілген сабақтарында бейнефильмдерді қолдану да уәждеменің екі түрі дамиды: өзүәжі, бұл фильм өз-өзінен қызық болғанда және өзі оқитын, түсінетін тілдегі фильмді балаға көрсету, арқылы жететін уәждеме. Бұл әрі қарай жетілуге деген тілек және өзіне деген сенімге күш, қанағаттану береді. Балалардың тек қана қызық және қызықты сюжет арқылы емес, тілді түсіну арқылы фильмнен қанағат алуына ұмтылуы керек. Бейнефильмнің тағы бір жетістігі әсердің күші және балаларға эмоциялық ықпал ету болып табылады. Сондықтан баланың басты назары көргенінен жеке қатынасын қалыптастыру болып

табылады. Мұндай мақсаттарға жету ойдағыдай жету, біріншіден бейнефильмдерді жүйелі түрде көрсету арқылы, екіншіден, әдістемелік дұрыс ұйымдастырылған көрсету арқылы мүмкін болады. Бейнефильмді қолдану тәрбиеленушілердің психологиялық әрекетінің түрлі жақтарын және бәрінен бұрын зейіні мен есін дамытуға мүмкіндік береді.

Сонымен, оқу бейнефильмдерінің балаларға психологиялық әсер ету ерекшелігі оқу үдерісін үдететеді және балалардың қатынас күзіреттілігін (тілдік және мәдени –әлеуметтік) қалыптастыру үшін жағымды жағдайлар құрады.

Заманауи ақпараттық технологияларды қолдану

Соңғы уақытта ана және ағылшын тілдерін оқытуда ерте жастан бастап заманауи ақпараттық технологияларды қолдану мәселесі жиі көтеріледі. Оқытуда жаңа технологияларды қолдану мүмкіндігінің маңызы кеңейді, компьютерлерді «ақылды» баспа мәшинкасы есебінде қабылдау қалды, ал Интернет-кабинеттер тек қана информатиканы оқыту үшін емес, белсенді қолданыла бастады. Педагог пен тәрбиешінің міндеті әрбір баланың өзінің белсенділігіне, өзінің шығармашылығына мүмкіндік беретін, осындай оқу әдістерін таңдау, әрбір баланың тілді практикалық меңгеуіне жағдайлар жасаудан тұрады. Көптілді оқыту барысында, педагог танымдық әрекетін белсендіруі қажет. Заманауи педагогикалық технологиялар мыналар серіктестікте оқу, жобалық әдістеме, жаңа ақпараттық технологияларды қолдану. Интернет – ресурстар оқытудың жеке-бағдарлы тәсілін жүзеге асыруға, балалардың қабілеттерін, оқу, бейімділік және т.б. ескеріп, оқудың даралануы және саралануын қамтамасыз етеді.

Компьютерді қолдану

Жеке компьютер – оқу және оқудан тыс сабақтарды ұйымдастыру және мазмұны бойынша түрлі сәтті қолдануға мүмкін болатын әмбебап оқу құралы. Сонымен бірге оқытудың барлық құралдарын кең қолданумен дәстүрлі оқыту аясына жазылады. Компьютер баланың оқу барысына белсенді қосылуына, қызығушылығын демеп, материалды түсінуіне және есте сақтауына мүмкіндік береді. Оқыту қызметін орындау – компьютерді оқытуда қолданудың барынша маңызды сипаты. Үйретуші компьютер – өз бетінше жұмысты және оны басқаруды, әсіресе тілмен және сөздік материалмен жаттықтыру жұмыстары барысындағы құрал болып табылады. Бұл диалогта және әдістемелік әдістерде қолданып жүрген жаттығулардың сипатын анықтайды. Көбінесе төмендегідей телефон бойынша диалогтардың түрлері қолданылады:

- сұрақты-жауапты диалог, үйренушінің жұмысының мәні, сұрақта тұратын тілдік материалдың негізі және жазбасы сапасында қолданып, компьютердің сұрақтарына тікелей жауап беру;

- таңдалған жауаптарымен диалог, компьютердің жауабы үшін үйренуші ұсынылған нұсқалар қатарының біреуін ұсынуға таңдайды;

- еркін құрастырылған жауаппен диалог, мұндай диалог компьютердің қойған әрбір сұрақтарына жауаптың дұрыстығын бағалау және «білу», барлық мүмкін жауаптар нұсқаларымен бағдарламаларды қамтамасыз етеді.

- қалдырып кеткендерді толтыруға жаттығулар, компьютер үйренушіге бос қалдырып кетулерімен суреттер немесе суреттер жинағы беріледі, қазақ және орыс тіліндегі сөздерді ағылшын тіліне аударып, білдірітпей айтып, қажетті нысанда қолданып, оларды толтыруға жаттығулар жасайды;

- сөздікті меңгеруге өзіндік бақылау үшін жаттығулар, осындай жаттығулардың мүмкін нұсқалары:

а) компьютер аударма жасау үшін суреттер ұсынады,

б) компьютер осы суреттердің және сөздердің үш тілдегі баламалы жұптарын табу және үш сөздер тізіміне (қазақ, орыс, ағылшын) жатқызуды ұсынады

в) компьютер үш сөздер тізіміне (қазақ, орыс, ағылшын) жатқызуды және антонимдер, синонимдер жұптарын орнатуды ұсынады,

г) компьютер үш тілдегі сөздердің және осы сөздердің анықтамалар тізімін ұсынады, баладан әр сөзді сәйкес анықтамамен қосу талап етіледі.

Интернетті қолдану

Интернеттің басты сапасы түрлі тілдердегі мәтінді ақпараттардың көп санының болуы болып табылады. Әрине, мұндай ақпарат тікелей оқу материалы сапасында қолдануға арналмаған, дегенмен, көпшілік үшін Интернетте жұмыс жасау мүмкіндігі тәртіптің маңызды дәлеліне қызмет етеді, сондықтан мұғалім осы уәждемені сауатты қолдануы керек. Гуманитарлық пәндерді оқытуда шынайы электрондық хаттарды қолдану жетерліктей жан-жақты зерттелген. Шетелдік және отандық тәжірибе оқу барысында бұқаралық ақпарат құралдарын кеңінен тек ақпараттар көзі ретінде емес, оқытудың басқару құралы ретінде қолдануды көрсетеді. Жобаларды әзірлей отырып, балалар ата-аналарымен бірге бұқаралық ақпарат құралдарын қолданып тұсаукесерлер және оларды Интернет желісінде орналастырып, дәстүрлі репродуктивтіге жеткізбейтін білім мен дағды алады.

Интернет көптілділікте түпнұсқалық мәтіндерді, тілді иемденушілерді тыңдау және қарым-қатынас жасауға қолдануда өте сирек мүмкіндік құрайды, яғни ол табиғи тілдік ортаны құрайды. Негізгі мақсат – қатынас құзіреттілігін қалыптастыру, барлық қалған мақсаттар (білімдік, тәрбиелік, дамытушылық) осы басты мақсатты жүзеге асыру барысында орындалады. Қатынас құзіреттілігі қазіргі оны түсінуде мәдениаралық арақатынасқа қабілеттілігін қалыптастыруды қарастырады. «Көптілділік» пәнінің ерекшелігі ғылыми негіз тілдерді оқытудың мазмұнының алдыңғы құрамдас бөлігі емес, әртүрлі әрекет түрлеріне оқыту: дыбысжазбаларды дауыстап тыңдау, айту, тыңдау, оқу, диалог, хат әрекет тәсілдерінің болуы. Тілдік әрекетке үйрету қатынас жасауда, тірілей қатынаста мүмкін болады. Ал ол үшін серіктес керек. . Компьютерлік бағдарлама, CD-ROM дискілер, олар қандай да интерактивті болса да, тек жасырын қатынасты (тірі адаммен емес, компьютермен қарым-қатынас) қамтамасыз ете алады. Ерекшелікті бала тірі диалогқа (жазба немесе ауызша) шынайы серіктеспен-тілді иемденушімен кіргенде компьютерлік телеқатынастар құрайды. Осы мақсатта скайпті қолдану мүмкін. Скайпты

қолдану тілді иемденушімен қатынаста баланы скайп бойынша да, телефон бойынша да диалогтарда жаттығуға үйретеді.

Мультимедиалық оқу-әдістемелік кешендер

Соңғы кездері ақпаратты алудың және таратудың кеңінен тараған жаңа тәсілі – бұл Мультимедиа. Мультимедияның қоры компьютер болып табылады. Бүгін Интернет арқылы мультимедияның көмегімен тек қана кез-келген тақырыпқа ең жаңаша ақпаратты алу ғана мүмкін емес, сонымен бірге түрлі топтарда қызығушылық бойынша Chat деп аталатын тілді иемденушілермен қарым-қатынас жасауға болады. Ал бұл тірі диалог және қарым-қатынас жасаудан қанағаттану.

«Мультимедиа» тек қана мәтіннің ақпараттарын білдіруге қолданатын емес, сонымен бірге графика, түс, дыбыс, анимация, кез-келген үйлестірілген бейнекөріністерді компьютерлік технологияны білдіреді. Осыған сәйкес «Мультимедиалық оқулық» - бұл түсті, дыбысты, графиканы және т.б. кез-келген амалдарды беретін мультимедияның компьютерлік технологиясын құрайтын оқулық. Педагогтар сонымен бірге оқу және анықтамалық материалдарға мультимедиялық қосымшаларды қолдана алады.

Теле-бейне бұрыштар құру

Мектепке дейінгі ұйымдарда үш тілдегі жазбаларды, телефон арқылы диалог, теле-видео бұрыштардағы жаттығуларды, аудиожазбаларды тыңдау кабинеттерін ашуда теле-видеобұрыштарды ұйымдастыру қажет. Бұл жерде жаңа ұрпақтың рұқсат етілген, Интернетке шығатын Wi-Fi қосылған телевизор (3-D, арнайы көзілдірікпен көретін) қойылады. Телевизордың USB Флешкалар немесе есте сақтау Карталары, құлаққаптар қосатын ұяшықтары болуы керек. Телевизорды алда бұл камераға скайпты орналастыру және қолдану үшін құрастырмалы камераға қосу керек.

Балалар теле-видео бұрышты қолданып тілді иемденушілермен қарым-қатынасты үйренеді және сәлемдесуге білуге қабілетті, сәлемдесуге жауап беруге, бір-бірінің аттарын, тегтерін, жастарын, ата-аналары, жақсы көретін ойыншықтары, ауа-райы туралы сұрастыра алады. Сонымен бірге балалар істерінің қалай жүріп жатқанын, кешірім бірнәрсе істеуге рұқсат сұрайды,, мерекемен, тұған күнімен құттықтайды, бақыт тілейді, түрлі тақырыптарға әндер айтады. Бала жанды тілдесуде өзі,досы туралы айтып үйренеді, басқа адам немесе жануар жасаған қимылдарды атай алады, біреулердің болатын орнын хабарлайды, мерзімді белгілейді, бірнәрсе туралы ақпаратты сұрайды, бірнәрсені ұсынады, бір нерседен бас тартады, келіскенін (келіспегенін, қанағаттанғанын, ренжігенін және т.б.) білдіреді. Теле-бейнебұрыштар балаларға арналған жиһазбен (орындықтар, жайлы жиһаз, жұмсақ жиһаздар) және жазбаларды, түрлі тақырыптағы дискілерді сақтайтын арнайы шкафпен, телевизорға арналған фурнитурлар және USB-шнурлармен жабдықталуы керек.

ҚОРЫТЫНДЫ

Көптілділік кабинеті – бұл ақпаратты – білімдік ортаның бірінші түйіні. Аудиожазбаларды үш тілде тыңдау кабинетінің басты мақсаты балалардың сабақтардағы, сыныптан тыс сабақтарда, мұғалімнің басшылығымен немесе дербес ата-аналарымен, дара немесе топпен шығармашылық жұмыстар үшін – барлық қажетті жағдайларды жасау, телефон бойынша диалогтарға жаттығулар жасау, үш тілдегі жазбаларымен теле-видео бұрыштар қолдану. Кабинеттің интерьері, әсем безендірілуі балаға белгілі қандай да бір дәрежеде әсер етпеуі мүмкін емес, ал мұғалімге үш тілді меңгеруге қатынасты құрастырады. Кабинеттің орынды жоспарлануы, мұғалімнің сабақтағы баланың тиімді әрекетін қажетті және жеткілікті ұйымдастыруға, осындай кабинет ұғымына кіретін, оқыту құралдары қорын жүйелеу және орналастыру.

Жұмыс орнын дұрыс, орынды, эргономикалық, гигиеналық, антропометрикалық талаптармен жабдықтау еңбектің өнімділігін арттырады. Көптілділік кабинетіндегі баланың жұмыс орнының жабдықтауына аса назар аудару керек. Ол балаға педагогтың тапсырмасын сәйкес құралдарды қолданып, қазақ және шетел тілінде үйлесімді өзін тыңдауға дайындауға, монолог және диалог сөзді безендіруге, аудиожазбаларды тыңдауды үйренуге және диалогпен сөйлеуге орындауға ыңғайлы болуы керек. Жұмыс орны нақты тапсырманы қамтамасыз ететін тұрақты безендірілген болуы керек. Кабинеттегі оқу құралдарын орналастыру, жүйелеу және сақтау сұрағы, мұғалім мен баланың еңбегін ғылыми ұйымдастыру сұрағымен тікелей түйіседі. Барлық жабдықтар тәрбиеші мен мұғалім кез келген уақытта жылдам тауып, сабақтарға немесе сабақтан тыс уақытта қолдануға дайындап қоятындай сақталуы керек. Үш тілге оқыту барысында жасанды шеттілдік ортаны құру – заманауи әдістеменің аса маңызды өзекті сұрақтарының бірі. Теледидарды белсенді және орынды қолдану айтарлықтай шамада оқу үдерісіне және мазмұнға басшылықты оңтайландыруға мүмкіндік береді. Ауызша басқа тілде сөйлеуде сөйлеу әрекетінің белсенділігі, басқа тілді қатынасты ынталандыру жағдайларын жасау және ұсынылған жағдайларда шетел тілі негізгі қатынас құралы ретінде меңгеруді жүзеге асыруды бақылау үшін теледидарды қолдану мүмкін және мақсатты ұсынылады. Соңғы уақытта ана және ағылшын тілдерін оқытуда мектепке дейінгі ерте жастан бастап заманауи ақпараттық технологияларды қолдану мәселесі жиі көтеріледі. Оқытуда жаңа технологияларды қолдану мүмкіндігінің маңызы кеңейді, компьютерлерді «ақылды» баспа мәшинкасы есебінде қабылдау қалды, ал Интернет-кабинеттер тек қана информатиканы оқыту үшін емес, белсенді қолданыла бастады. Сонымен, кабинеттің негізгі міндеті - басты мақсаты балалардың сабақтардағы, сыныптан тыс сабақтарда, мұғалімнің басшылығымен немесе дербес ата-аналарымен, дара немесе топпен шығармашылық жұмыстар үшін барлық қажетті жағдайларды жасау. Тіл білімі – бұл әлем үдерісінің тетігі, ол мәдениарлық қатынасты дамытуға алып барады. Дербес және шығармашылық көрінулерді іске асыру үшін мектепке дейінгі жас барынша жағымды болып табылады.

Шетел тілін үйренуден басқа бала керемет жалпы дамуды алады, ол көптілділік дайындыққа қалыптасады. Екі және үштілді - ғалымдардың үңілген назарын аудартатын күрделі құбылыс. Мәдениаралық катынас, тілдердің социолінгвистикалық қырларын әрекеттестіру, қызмет ететін тілдердің салыстырмалы грамматикасы сұрақтары ерекше қызығушылық танытады. Мектепке дейінгі ұйымдарда балаларды грамматикамен бөлек таныстырмайды, бірақ ағылшын грамматикасын қазақ және орыс грамматикасымен салыстыруға болады. Ұйымдастырылған оқу әрекетінің түрі – ойындық. Балалар педагогпен бірге түрлі елдерге интерактивті тақтада (оқу құралынан мультимедиялық практикалық курсты қолданады, дәптерлер, оқу CD, интерактивті постер, флешкартлар) әсерлі слайдтарды қолданып, қызықты саяхаттар жасайды. Жұмыстың түрлі нысандары және қазақ және ағылшын тіліндегі мерекелер, пьесалардың қойылымы және ертегілер түріндегі есептік іс-шаралар тамаша нәтиже береді. Бала ойнай отырып, күрделі түсініктерді жеңіл және емін-еркін меңгереді, және үш тілді үйрену ашық және қызықтыратын іске айналады.

Перспективті, келешекті оқыту үшін жағымды ішкі жағдайлар құру, сәйкес материалдық қор, балалар мен ата-аналарда жағымды уәждеме қалыптастыру, білікті кадрлар дайындау қажет. Қазіргі уақыттың талабына сай осы жағдайлар болғанда балалар үш тілдегі түрлі пәндерді оқуға мүмкіндік алады.

ӘДЕБИЕТ

1. Беляев Б.В. «Очерки по психологии обучения иностранным языкам», Просвещение, М., 1985
2. Сборник статей под редакцией А. А. Алхазисвили «Вопросы психологии обучения второму языку в младшем возрасте», «Миднисреба», 1982
3. Лapidус Б.А. «Интенсификация процесса обучения иностранной речи (Пути и приемы)», М., 1980
4. Ляховицкая М.В., Методика преподавания иностранных языков. М., 1981
5. Очерки методики обучения устной речи на иностранных языках/ Под ред. В.А. Бухбиндера, Киев, 1990
6. Скалкин В.Л. «Обучение диалогической речи», Киев, 1989
7. Уайзер Г.М., Климентенко А.Д. Развитие устной речи на английском языке. М., 1992
8. Шубин Э.П. Языковая коммуникация и обучение иностранным языкам М., Просвещение, 1982
9. Бондаревская Е.В. Педагогика: личность в гуманистических теориях и системах воспитания: Учебное пособие для средних и высших педагогических учебных заведений, слушателей ИПК, учителей. – М.; Ростов-на-Дону: Учитель, 1999.
10. Журнал «Малыши: изучаем языки», №1, 2008г.

МАЗМҰНЫ

| | |
|--|----|
| Кіріспе | 3 |
| Үш тілдегі жазбаларды аудиожазбаларды тыңдау кабинеті – мектепке дейінгі-педагогтардың педагогикалық шеберлігінің өздігінен білім алу және жетілу орталығы | 5 |
| Кабинетті жабдықтау | 8 |
| Кабинетке қажетті құжаттар | 15 |
| Кабинетке қойылатын жалпы талаптар | 17 |
| Қорытынды | 20 |
| Әдебиеттер | 22 |